

# БҮГІНГІ УНИВЕРСИТЕТ КІТАПХАНАСЫ – АҚПАРАТ ОРТАЛЫҒЫ

«XXI ғасыр – мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры.  
Бар білімнің қайнар көзі – кітапта»  
Н. Назарбаев

Университет базасы ел экономикасының өркендеуіне, өнеркәсіп саласының нығаюына геология және мұнай-газ ісі, тау-кен өндірісі, металлургия, сәулетші, құрылысшы сияқты техника саласындағы көп салалы мамандар даярлауда оқу үрдісіне сай заманауи технологиялармен жабдықталған.

Оқу ордасының ғылыми кітапханасы да – жоғары және кәсіби білім берудегі, жаңа инновациялық тенденцияларға сәйкес, білім алушы орта буын колледж студенттері және жоғары буын студенттер мен магистранттар, профессор-оқытушылар құрамы үшін ақпараттық ресурстарға қол жеткізуге жүйелі түрде өз қызметін атқарып келеді.

Ғылыми кітапхананың негізгі бағыты:

- ең бірінші талап заман талабына сай, кітапхана қызметкерлерінің білім деңгейі мен кәсіби шеберлігін көтеру;
- электронды кітапхана құру;
- ақпараттық ресурстарды электронды нұсқада жеткізе білу;
- пайдаланушылардың уақытын үнемдеуде тез арада талап еткен құжаттарын тауып беру, интернет желісінен, электронды каталогтен өздігінен ақпарат іздеуге кеңес беру;



Презентация 100-томной серии казахского фольклора "Бабалар сөзі"

– «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» жобасы бойынша студенттерге ана тілін дәріптеуге, салт-дәстүрін сақтауға, елін, жерін аялауға, Отанын сүйуге патриоттық рух беруге, ұлттық тәрбие беру арқылы университет аясында мәдени-көпшілік шаралар өткізу.

Ғылыми кітапханада жоғарыда аталған бағытта атқарылып жатқан істерді атап өтсек:

– кітапхана қызметкерлерінің білім деңгейі мен кәсіби шеберлігін көтеру мақсатында кітапханада түрлі шеберлік сыныптары, семинарлар және кітапхана қызметкерлері 3 жылда бір аттестаттаудан өткізіліп отырады.

Республика өңірінде жоғары оқу орындарының кітапханаларында өтетін қазіргі кітапханалардың маңызды мәселелерін қозғайтын,

кең ауқымды тақырыптардағы конференцияларға жас кітапханашылар тәжірибе алмасу мақсатында қатысып отырады.

Кітапханадағы жинақталған барлық қордың электронды түрге көшірілген нұсқасынан электронды кітапхана құрып отырмыз.

Жалғыз дана әдебиеттер оқырмандарымыздың сұранымын қанағаттандыра алмады. Сондықтан Электронды кітапхана сандық өңдеу негізін құруда. Бұл мақсатта кітапханаға Элар План Скан А2В-сканері сатып алынды.

Электронды кітапхана қорын толықтыруға профессор-оқытушылар құрамы да өз үлестерін қосуда. Кез келген ұстаз «Менің жарияланымдарым» желісіне кіре отырып, жарияланған мақалаларымен де толықтыра алады. Мақаланың



библиографиялық деректерін көрсетіп қана қоймай, толық мәтінді мақаланы \*pdf форматына бекітуге арнайы құрал құрылған.

Осы тұрғыда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылдың 3 маусымындағы № 260 бұйрығымен оқу орындарында электронды қор құрып, оның базасына оқу әдебиеттерін қоюды әрі Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапханаға (РЖООЭК) бірігіп, электронды ресурстарды қолжетімді етуді міндеттеді. Жалпы электронды кітапхана өз оқырмандары үшін қызмет ететіні белгілі. Жоғары оқу орындары арасында Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ Электронды кітапханасы базасының сапалылығы жалпы рейтинг бойынша 2 орында. Электронды кітапхана базасында электронды мәтіндердің сақталуы өте жоғары деңгейде. Электронды кітапхананың базасында кітап саны көбейген сайын студенттер, ұстаздар мен зерттеушілер тез арада қажетті ақпараттарына қол жеткізе алады.

Қазіргі кезде қауымдастықпен біріге отырып, оқытушылардың көмегімен оқу бағдарламасына сәйкес, қажетті шеттілдік еңбектерді нақтылап, тапсырыс беріп отырмыз. Жоғары оқу орындарындағы кітапханалар оқырмандарын дәстүрлі және электронды нұсқадағы ақпараттармен қамтамасыз етіп отыр.

Ғылыми кітапхана журналдардың деректер қорынан: Elsevier, Thomson Reuters, SpringerLink, Science журналдарын сатып алу мүмкіндігіне ие

болды. Оқу-әдістемелік кешендердің (УМК) және силлабустардың (курс бағдарламалары) электронды нұсқасы арнайы конверторлардың көмегімен реттеліп, Электронды кітапхананың сайтына салынады.

Мемлекеттік және орыс тіліндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының жүйелендірілген үлкен көлемдегі ақпаратты іздеу «Параграф» деректер қоры ай сайын жаңартылып отырады.

**Ғылыми кітапхана «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі кітапхана қоры және ақпараттық ресурстардың жалпы Ережелеріне» сәйкес жұмыс істейді. Электронды кітапхана оқырмандарды электронды нұсқадағы жазбалармен толық қамтамасыз етіп отыр.**

Ғылыми кітапхананың жанынан 100 орындық арнайы электронды оқу залы ашылды. Оқу залы соңғы үлгідегі жаңа технологиямен қамтамасыз етілген. Университеттің қолдауымен 30 дана жаңа компьютермен жабдықталған. Электронды оқу залы университет кітапханасындағы электронды кітапхана мен электронды картотекалардың инфрақұрылымдық коммуникациялық желісі негізінде жұмыс істейді. Электронды оқу залында 500-ден астам электронды жазба сақталған. Бүгінгі таңда сайтқа қойылған электронды ресурстар

қоры 8 мыңнан асады. Электронды оқу залында электронды каталогтармен жұмыс істеуге, электронды кітаптарды оқуға, ақпарат іздеуге, толық мәтінді мәліметтер базасына қол жеткізуге болады. Жалпы Электронды оқу залын құру, студенттер үшін, еш кедергісіз жұмыс жасауына толық мүмкіндіктер жасалған.

Электронды оқу залы студенттердің еш кедергісіз дайындалуына мүмкіндік береді. Студент электронды оқулықтарды пайдалана отырып, жан-жақты білім ала алады. Мұнда нақты пән бойынша дайындалумен қатар дүниетанымын кеңейте алады. Университет кітапханасы ақпараттық ресурстар орталығы арқылы алыс-жақын шет елдермен байланысып, қажетті ақпаратты жеткізе алады.

**Ұлт мақтанышы – Қаныш Сәтбаев, қайраткерлер, Қазақстан тарихы, сәулет т.с.с. тақырыптар бойынша «Виртуалды көрме» дайындалады.**

Кітапханаға қатысты соңғы жаңалықтарды, жаңа түскен әдебиеттердің, жетекші профессорлардың библиографиялық көрсеткіштері, кітапхана қандай басылымдар алатыны жайында «Кітапхана» сайтында барынша көрсетіледі.

Оқырмандар өздеріне қажетті ақпаратты тез тауып алу үшін «Поиск-Заказ» РАБИС бағдарламасы іске қосылған. Каталог бөлімінде кітапханашылар кеңестерін беріп отырады.

**«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» жобасы бойынша мәдени танымдық шаралар өткізіліп отырады. Студенттердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін тексеру мақсатында институттар арасында «Тіл» апталығы өткізіліп тұрады.**

Салт-дәстүрін сақтауға «Наурыз» мерекесіне орай мәдени шаралар ұйымдастырылады. Елін, жерін аялауға, Отанын сүюге патриоттық рух беруге, ұлттық тәрбие беру мақсатында университет аясында «Ерлігі жүрегінде елінің» Ұлы Отан соғысының батыры, гвардия полковнигі, жазушы Бауыржан



Момышұлына арналған, 9-Мамыр Жеңіс күні мерекесіне патриоттық-тәрбие кеші өтіп.

Кеште Бауыржан Момышұлы келіні Зейнеп Ахметовамен студенттер арасында кездесу ұйымдастырылды.

Кемелденген еліміздің ертеңі болар рухани бай азамат болуға тәрбиелеу мақсатында «Жүз кітап» бағдарламасы бойынша ғылыми кітапхана қорын классик жазушылардың, ақындардың шығармалары мен көркем әдебиеттерімен толықтырудамыз. Техникалық оқу орны болса да, қазақ топтарында оқитын студент жастардың көркем әдебиетке деген сұранысы жылдан жылға артып келеді. Сөредегі кітаптарға оқырмандар таласып қалған жайттар

да орын алады. Сол себепті кітапхана қызметкерлері кітаптарды сканерден өткізіп, көбейтіп береді. Көркем әдебиет қорын да электронды қорға айналдырмақпыз.

Жыл сайын Ғылыми кітапханада кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында жыл кітабы болып табылған жазушылардың шығармаларына арналған әдеби кештер өткізіліп отырады.

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген қазақ фольклорының 100 томдық «Бабалар сөзі» жинағын насихаттау мақсатында «Аталар аманаты» атты ғылымтанымдық кеш ұйымдастырылды. Кешке ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ежелгі және орта ғасырлар әдебиеті бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымының кандидаты Серікбай Қосанов қатысты. 100 томдық «Бабалар сөзі» жинағының электронды нұсқасы Электронды кітапхана қорында жинақталған. Ғылыми кітапхананың алдағы уақытта атқарар істері көп: ғылыми кітапханадағы сирек кездесетін әдебиеттер мен диссертацияларды да сканерден өткізіп электронды қорға айналдырмақпыз.

Биыл «қазақ техникалық жоғары оқу орындарының қара шаңырағы» атанған Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық университетіне 80 жыл толумен қатар, Ғылыми кітапханаға да 80 жыл толып отыр. Кітапхананың өткені мен бүгінгісін бағдарласақ, заман талаптарына сай өзгерістер енгенін байқаймыз.

Қорыта айтқанда, университет кітапханасы ақпараттық қор орталығы ретінде оқу ордасында білім алып жатқан жастардың білімін шыңдай түсуі, ақпараттық мәдениетін арттыруы жолындағы қызметі ерекше.

Мекенжайымыз: Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 22

Ғылыми кітапхана сайты: <http://lib.kazntu.kz/>  
Электрондық почтасы: [libr@ntu.kz](mailto:libr@ntu.kz)  
Ғылыми кітапхананың Электронды кітапханасы <http://e-lib.kazntu.kz>

*Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті Ғылыми кітапханасының директоры ХҰСАЙЫНОВА Қапалхан Баймұханқызы*  
Мақала туралы мына телефон бойынша Хабарласуға болады: жұмыс каб.: 2-57-71-08; ұялы: 8 701 990 55 10



**ҚазҰТУ Ғылыми кітапханасының әдебиетті насихаттау және бұқаралық жұмыстары**

**Қазақтың намысын ту ғып көтерген, ұлтының қамын жеген ұлы батырларымыздың ерліктерін дәріптеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу арқылы жастардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыруға өз үлестерін қосу болып табылады.**



**АННОТАЦИЯ**

В своей статье директор Научной библиотеки КазНТУ им. К. Сәтбаева Капалхан Хусаинова рассказывает об объемной многосторонней работе сокровищницы знаний в помощь флагману высшего технического образования страны, которому, как и учрежденной на заре возникновения вуза библиотеке при нем, исполняется 80 лет.